

Қосымшаны және сайтты пайдалану туралы шарт

г. Алматы

Бұдан әрі «Просто Бэк-офис» деп аталатын «Просто Бэк-офис» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 180940010420, атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Директоры Антон Владимирович Ким бірінші тараптан және бұдан әрі «Серіктес» деп аталатын **заңды немесе жеке тұлға** екінші тараптан, бірлесіп Тараптар деп, ал жеке - жеке жоғарыда көрсетілгендей немесе Тарап деп атала отырып, төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

1. Терминдер мен анықтамалар

1.1. Оферта - «Просто Бэк-офис» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің белгісіз жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар тобына арналған Қосымша мен сайтты пайдалану туралы осы шартты жасасуға жария офертасы.

1.2. Просто Бэк-офис сайты (бұдан әрі - Сайт) - Интернет желісінде <http://www.pbo.kz> адресі бойынша орналасқан WEB - сайт. Просто Бэк-офис сайтында Серіктестерге Шарттарды жасасу және орындау үшін қажет ақпарат тәулік бойы және тегін беріледі.

1.3. Серіктес - Просто Бэк-офис көрсететін Қосымшаны пайдалану құқығына қызметтерді немесе Просто Бэк-офиспен жасалған шарттарға сәйкес көрсетілетін және осы Шартқа №1 Қосымшаға сәйкес тізімде белгіленген құрамына бухгалтерлік, заңгерлік және басқа қызметтер кіретін аутсорсингтік қызметтерді тұтынушы және (немесе) әлеуетті тұтынушы болып табылатын жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі - Аутсорсингтік компания). №1 Тізімде белгіленген Аутсорсингтік компаниялар тізімі өзгерген жағдайда мұндай қосымшаға өзгерістерді Просто Бэк-офис оны жаңа редакцияда бекіту арқылы енгізеді, бұл ретте Шарттың өзіне өзгерістер енгізілмеуі мүмкін.

1.4. Қызмет көрсету туралы шарт - оған сәйкес Аутсорсингтік компания Серіктеске Қосымшаның көмегімен мұндай шартта көрсетілген тізім аясында және/немесе бойынша бухгалтерлік және заңгерлік қызмет көрсететін, ал Серіктес мұндай қызметтер ақысын төлейтін шарт.

1.5. «Просто Бэк-офис» қосымшасы (бұдан әрі - Қосымша) - Просто Бэк-офиске тиесілі, Аутсорсингтік компаниядан бухгалтерлік және заңгерлік қызметтер алу үшін оны пайдалану құқығы Серіктестерге берілетін, смартфондарда, планшеттерде және басқа мобильді құрылғыларда жұмыс істеуге арналған бағдарламалық жасақтама. Серіктестерге арналған Просто Бэк-офис қосымшасының веб-нұсқасы, Просто Бэк-офис қосымшасының iOS-қа арналған нұсқасы, Просто Бэк-офис қосымшасының Android-қа арналған нұсқасы жасап шығарылды.

1.6. Қосымша мен сайтты пайдалану туралы шарт - оған қосылу Офертаны акцептілеу арқылы жүзеге асырылатын, Сайтта жарияланған, Серіктестің Қосымша мен Сайтты пайдалану, соның ішінде тесттік режимде пайдалану тәртібі мен талаптарын айқындайтын осы шарт.

1.7. Кабинет - мобильді кабинеттен және веб кабинеттен тұратын, Серіктестің Қосымшада тіркелуі кезінде құрылатын, жеке сәйкестендіруші - логин мен оның үшінші тұлғаларға белгісіз жеке таңбалар жиынтығы түріндегі құпиясөзінен тұратын Серіктестің Қосымшадағы жеке кабинеті.

1.8. Қосымша мен сайтты пайдалану туралы шарт пен Қызмет көрсету туралы шарт бұдан әрі бірге «Шарттар» деп аталуы мүмкін.

1.9. Құпиялылық саясаты - «Просто Бэк-офис» ЖШС Құпиялылық саясаты Қосымша мен Сайтты пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар туралы ақпаратты өңдеу және қорғау тәртібін белгілейтін Құпиялылық саясаты.

1.10. Просто Бэк-офис тарифтері (бұдан әрі - «Тарифтер») - бекітілетін және Серіктеске ұсынылатын, Просто Бэк-офис ұсынатын Қосымшаны пайдалану құқығынан және Аутсорсингтік компания ұсынатын бухгалтерлік, заңгерлік қызметтерден, HR-ассистент қызметінен және басқа да ілеспе қызметтерден тұратын қызметтер пакеті, әр тарифтің құрамы, талаптары және құны әр тарифке қатысты белгіленеді. Тарифтер сайтта жарияланады.

1.11. Қосымша қызмет - Аутсорсингтік компанияның немесе оның контрагенттерінің (үшінші тұлға) қосымша сервисі және/немесе қызметі. Қосымша қызметтер тізімі мен оларды ұсыну тәртібі, сондай-ақ олардың құны Сайтта жарияланады. Қосымша қызметтер тұрақты да, бірреттік те негізде ұсынылуы мүмкін.

1.12. Демо-нұсқа - Серіктестің Қосымшамен және оның функцияларымен/сервистерімен, алдын ала танысуына бағытталған, Серіктеске Бірреттік қызметтерді алуға мүмкіндік беретін функционалы шектеулі сынама нұсқасы. Бұл ретте Демо-нұсқаға арналған Бірреттік қызметтерді ұсыну тәртібі, сондай-ақ олардың тізімін Просто Бэк-офис дербес белгілейді және Сайтта жариялайды.

1.13. Контрагенттер - үшінші тұлғалар, олармен Тарифтер және/немесе Қосымша қызметтер аясында бөлек қызметтерді көрсету туралы шарт жасалған Аутсорсингтік компанияның контрагенттері. Бұл ретте



Қосымшада қызмет көрсетуді немесе бөлек функцияны Аутсорсингтік компанияның контрагенті жүзеге асырса, Серіктес бұл туралы Қосымшада көрсетілуі және/немесе Аутсорсингтік компания белгілеген басқа жолмен хабардар етіледі.

1.14. ЭЦҚ - Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес шығарылған электрондық цифрлық қолтаңба.

2. Шарттың мәні

2.1. Просто Бэк-офис Қосымшада қарастырылған қызметтер мен сервистерді ұсыну мақсатында Серіктеске Қосымшаны пайдалануға береді, ал Серіктес Қосымшаны пайдалануға бағытталған барлық іс-әрекеттерді (соның ішінде, бірақ олармен шектелместен: жүктеу, орнату, тіркелу, пайдалану) жүзеге асыра отырып, осы Шарт пен Құпиялылық саясатының барлық талаптарын толық көлемде қабылдайды және ұсынылатын деректерді Құпиялылық саясаты мен Офертада сипатталған тәсілдермен және мақсаттарда жинау және өндеуге келісімін береді.

2.2. Қосымша бухгалтерлік есепті қашықтан жүргізуге, салық есебін тапсыруға, заңгерлік қызметтерді, HR-ассистент қызметтерін, сондай-ақ басқа да Қосымша қызметтерді және/немесе Аутсорсингтік компания ұсынатын басқа да ілеске қызметтерді көрсетуге арналған.

2.3. Аутсорсингтік компания мен оның Контрагенттері Серіктеске көрсететін қызметтер мен сервистер, сондай-ақ Тарифтер тізімі, оларды ұсыну мерзімі Сайтта және/немесе Қосымшада айқындалады.

2.4. Сайтқа барлық құқықтар, “Просто Бэк-офис” тауарлық белгісі, Қосымша, соның ішінде іске асырылатын және дайындалып жатқан сервистер “Просто Бэк-офиске” тиесілі.

2.5. Осы Шартқа өзгертулер мен толықтыруларды Просто Бэк-офис енгізеді және олар Сайтта жарияланады, аталған өзгертулер осылай жарияланған күннен бастап күшіне енеді, Серіктес олармен өздігінен танысып шығады. Просто Бэк-офис Шарттың жаңа редакциясын Сайтта жариялау арқылы Серіктестерді хабардар етеді. Егер Серіктес енгізілетін өзгерістермен келіспесе, Просто Бэк-офиске жазбаша хабарлай отырып, Шартты бұзуға құқылы. Просто Бэк-офис өзгерістер күшіне енген күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Серіктестен себептері көрсетілген Шартты бұзу туралы жазбаша хабарламаны алмаған жағдайда, Серіктес көрсетілген өзгерістерді қабылдаған болып саналады.

3. Қосымшамен жұмыс істеу тәртібі

3.1. Қосымшамен жұмыс істеу үшін Серіктеске оны мобильді қосымшаға жүктеу немесе Қосымшаның веб-нұсқасы арқылы кіру қажет. Қосымша сұратқан деректерді енгізу арқылы қосымшаға кіру (соның ішінде бірақ олармен шектелместен: аты, телефоны, электронды поштасы), Офертамен және Шартпен танысып шығу, және олармен келіскен жағдайда Офертаға акцепт беру (мұндай акцептті беру тәртібі мен талаптары Офертада қарастырылған).

Егер Серіктес Офертамен, Шартпен және/немесе Құпиялылық саясатымен келіспесе, ол жүктеуден және Қосымшаны пайдаланудан бас тартуға міндетті.

3.2. Серіктесті Қосымшада сәйкестендіру Серіктес тіркелген және/немесе Қызмет көрсету туралы шартқа қол қойған кезде Аутсорсингтік компанияға ұсынған телефон нөмірі (бұдан әрі - Негізгі сәйкестендіруші) арқылы және заңды тұлғаның бірінші басшысы немесе бірінші басшы уәкілеттік берген басқа тұлға (заңды тұлғалар үшін) немесе Серіктестің өзі болып табылатын (жеке тұлға үшін) негізгі пайдаланушыны сәйкестендіру кіру коды бар СМС-хабарлама және/немесе Push-хабарлама және/немесе QR-код жіберу және/немесе биометриялық сәйкестендірушілер және/немесе Просто Бэк-офистің және/немесе Аутсорсингтік компанияның ішкі құжаттары мен саясаттарында қарастырылған басқа тәсіл арқылы жүзеге асырылады. Негізгі сәйкестендіруші және/немесе Негізгі пайдаланушы ауысқан жағдайда Просто Бэк-офис электронды пошта арқылы авторизация, ресми хат ұсыну және т.б. тәсілдерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелместен, Просто Бэк-офистің және/немесе Аутсорсингтік компанияның ішкі құжаттарымен немесе саясаттарымен белгіленген тәсілмен қосымша сәйкестендіру жүргізуі мүмкін.

3.3. Серіктеске Қосымшада Жеке кабинет құрылады. Кабинеттегі ақпарат тек Серіктестің өзіне (жеке тұлғаларға), Негізгі пайдаланушыға (заңды тұлғаларға), Просто Бэк-офиске және Аутсорсингтік компанияға қолжетімді болады.

3.4. Негізгі пайдаланушы басқа тұлғаларға, мысалы, заңды тұлға болып табылатын Серіктестің қызметкерлеріне Кабинетке қосымша кіру рұқсатын беруі мүмкін, бұл ретте мұндай тұлғалардың (бұдан әрі - Қосымша пайдаланушы) кіру рұқсаты Негізгі пайдаланушының қарауына қарай толық немесе шектеулі болуы мүмкін. Үшінші тұлғаларға қосымша кіру рұқсатын беру және мұндай кіру рұқсатын берумен байланысты олардың Кабинеттен ақпарат алуы үшін Серіктес атынан Негізгі тұлға жауапкершілік көтереді. Қосымша пайдаланушыны сәйкестендіру жоғарыдағы 3-т. сәйкес жүзеге асырылады.

3.5. Қосымшаға кіру рұқсаты Серіктестің контрагенттеріне олармен шарттарды, мәмілелерді және/немесе талаптарды келісу мақсатында берілуі мүмкін. Мұндай кіру рұқсатын беруді Негізгі пайдаланушы 3.4.-т. көрсетілген тәртіпте жүзеге асырады. Бұл ретте мұндай кіру рұқсаты шектеулі және тек Серіктес айқындаған құжаттар мен ақпаратқа қатысты болады.

3.6. Просто Бэк-офис және/немесе Аутсорсингтік компания мамандардың жұмыстарын талдау және даулы мәселелерді шешу, анықталған қателіктерді жою үшін Просто Бэк-офис пен Аутсорсингтік компанияның кеңсесінде аудио және бейнежазба жүзеге асыруға, Серіктеспен телефон қоңырауларының



аудиожазбасын жүзеге асыруға құқылы. Просто Бэк-офис және/немесе Аутсорсингтік компания алынған бейне және аудиоматериалдарды олар жасалған (жазылған) күннен бастап кем дегенде 5 жыл сақтауға құқылы.

3.7. Тараптар Қосымша Кабинетін пайдалану арқылы жіберілген, соның ішінде Аутсорсингтік компанияға жіберілген, Серіктеске қатысты барлық хабарламалар мен қоса берілген сканерленген қол қойылған құжаттар заң тұрғысынан елеулі, Серіктес басшысының немесе ол уәкілеттік берген лауазымды тұлғаның қолы қойылған қағаз бетіндегі құжаттармен тең деп танылады деген келісімге келді.

3.8. Просто Бэк-офис Серіктеске кеңейтілген қарау тәжірибесі мен Серіктестің нақты қажеттіліктері мен мүдделеріне бейімделген қызметтерді ұсыну үшін cookie файлдарын қолданады. Кейбір cookie файлдары сіздің жүйеге кіріп, қалағаныңызды сақтай алуыңыз және біздің веб-парақшаның дұрыс көрсетілуі үшін қажет. Басқа cookie файлдары Сайтты пайдалану туралы құнды пікірлерді ұсынады, бұл бізге оның тиімділігін және қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

3.9. Серіктес өз деректерін Кабинет және/немесе браузер баптауларында оларды түзету, толықтыру, өшіру және т.б. арқылы басқара алады, сондай-ақ өзін қызықтырмайтын сервистер мен функцияларды өшіре алады, өзіне қызықты емес жарнамалық және/немесе ақпараттық сипаттағы хабарламаларды өшіре алады және/немесе cookies-файлдарды жинаудан бас тарта алады.

3.10. Серіктес телефонды (с.і. SIM картаны) үшінші тұлғаларға пайдалануға бермеуге, логин және құпиясөз секілді өзінің Жеке кабинетінің деректерін жария етпеуге, бермеуге және енгізген кезде үшінші тұлғалардан жасыруға, Қосымшаны пайдалану құқығын үшінші тұлғаларға бермеуге, олардың құпиялығын қамтамасыз етуге және аталған деректерді үшінші тұлғаларға жария етумен байланысты барлық қауіптер үшін жауап беруге міндеттенеді.

3.11. Просто Бэк-офис Қосымшада Профилактикалық жұмыстар жүргізуге құқылы, ол кезеңде Қосымша жұмыс істемеуі мүмкін. Бұл ретте Просто Бэк-офис мұндай жұмыстарды жылдам жүргізу және/немесе оларды жұмыс уақытынан тыс/демалыс күндері жүргізу үшін барлық орынды шараларды қабылдайтын болады.

3.12. Серіктес Қосымшаны тек Просто Бэк-офис айқындаған және Сайтта көрсетілген тағайындалған мақсатына сай пайдалануға міндеттенеді. Серіктестің Қосымшаның функционалдық мәндеріне өзгерістер енгізуге, Қосымшаны бұзуға, жұмысын өзгертуге, нысанын көшіруге және Қосымшаға қатысты кез келген заңға қайшы іс-әрекеттерді жүзеге асыруға, соның ішінде үшінші тұлғалардың Кабинеттеріне кіру рұқсатын алуға тырысуға және/немесе үшінші тұлғаларға қатысты ақпаратты алуға тырысуға құқығы жоқ.

4. Демо-нұсқаның жұмыс тәртібі

4.1. Қосымшаның демо-нұсқасы Қосымшаны пайдаланатын, бірақ Аутсорсингтік компаниямен Қызмет көрсету туралы шарт жасасаған Серіктестерге ұсынылады.

4.2. Демо-нұсқада қосымшаға толық кіру рұқсаты берілмейді, сондай-ақ Қосымшада бар барлық функциялар мен сервистер көрсетілмеуі мүмкін.

4.3. Бұл ретте Серіктеске бір немесе бірнеше функция және/немесе қызмет ұсынылуы мүмкін.

4.4. Демо-нұсқа тегін болып табылады.

5. Просто Бэк-офис және/немесе Аутсорсингтік компания:

5.1. Серіктесті жұмыс күндері және жұмыс уақытында техникалық қолдауды жүзеге асырады.

5.2. Қосымша жұмысындағы ақауларды жояды.

5.3. Құпиялылық саясатының талаптарын сақтайды.

5.4. Қосымшаға кез келген өзгерістер және/немесе толықтырулар және/немесе жаңартулар енгізуге құқылы.

5.5. Серіктестерге жарнамалық және/немесе ақпараттық сипаттағы хабарламалар жіберуге құқылы.

5.6. Келесі жағдайларда Серіктестің Қосымшаға және/немесе Кабинетке кіру рұқсатын шектеуге немесе тоқтатуға құқылы:

1) Серіктестің Қосымшаға, оның жұмысына, Қосымшада бар үшінші тұлғалардың ақпаратына қатысты құқыққа қайшы іс-әрекеттерді жүзеге асыруы туралы болжамның болуы;

2) Қызмет көрсету туралы шарт талаптарын бұзу;

3) Осы Шарттың талаптарын бұзу.

6. Қауіпсіздік

6.1. Сайттағы қызметтерді алу, соның ішінде Қосымшаны пайдалана отырып алу тек пайдаланушы сәйкестендіру және/немесе тіркелу рәсімдерінен өткеннен кейін немесе Серіктес логині мен құпиясөзін енгізгеннен кейін мүмкін болады.

6.2. Интернет желісіндегі pbo.kz адресі Просто Бэк-офиске тиесілі. Просто Бэк-офис сервис пайдаланушыларына олардың дербес және төлем деректерінің қорғалуына кепіл болады.

6.3. Бағдарламалық-техникалық кешен бөлек қорғалған желішеге шығарылған.



6.4. Сайтта және/немесе Қосымшада сәйкестендірген кезде Серіктеске дұрыс құпиясөзді көрсету үшін 3 әрекет беріледі, әйтпесе Серіктестің Қосымшаға кіру рұқсаты 15 минутқа бұғатталады.

6.5. Серіктестердің Сайттағы және Қосымшадағы барлық әрекеттері туралы ақпарат арнайы жүйелерде сақталады.

7. Басқа

7.1. Серіктес дербес деректері Просто Бэк-офис және/немесе Аутсорсингтік компанияға берілетін





және/немесе Қосымшада көрсетілетін, жарияланатын Серіктестің қызметкерлері мен контрагенттерінің дербес деректерінің жиналуына және өңделуіне келісімнің болуы үшін жауапкершілік көтереді. Серіктес қызметкерлерінің және контрагенттерінің олардың дербес деректерінің жиналуына, өңделуіне және үшінші тұлғаларға берілуіне келісін алғанын растайды. Серіктес Просто Бэк-офис және/немесе Аутсорсингтік компанияның сұратуымен Серіктестің қызметкерлері мен контрагенттерінің келісімдерін алу дерегінің дәлелін ұсынуға міндеттенеді. Серіктес мұндай келісімді алу дерегін дәлелдемесе, ол өз есебінен Просто Бэк-офиске және/немесе Аутсорсингтік компанияға қойлатын мемлекеттік органдардың барлық кінәрат-талаптарын реттеуге, сондай-ақ Просто Бэк-офиске және/немесе Аутсорсингтік компанияға оған көрсетілген келісімнің болмауы нәтижесінде келтірілген барлық залал мен шығындарды өтеуге міндеттенеді.

7.2. Просто Бэк-офис және/немесе Аутсорсингтік компания Серіктестер туралы алынатын (жиналатын) ақпараттың дұрыстығын тексермейді.

8. Деректемелер

«Просто Бэк-офис» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

«Просто Бэк-офис» компаниясының ресми сайты: <https://pbo.kz/>

Орналасқан мекенжайы: компанияның ресми сайтында жарияланған

БСН 180940010420

Директоры А.В. Ким

Қосымшаны және сайтты пайдалану туралы шартқа
№1 Қосымша

Аутсорсингтік компаниялар тізімі:

1. «Просто Аутсорсинг ГК» ЖШС
2. «Просто Аутсорсинг А» ЖШС
3. «Просто Аутсорсинг Б» ЖШС
4. «Просто Аутсорсинг Ю» ЖШС

